

«БЕКІТЕМІН»

«Ақтілек» жекеменшік
балабақшасы директоры

Калдыбаева К.У

«28» тамыз 2025ж.



ЕРЕЖЕ

«Ақтілек» жекеменшік балабақшасы

«ЖК Калдыбаев»

Мұнайлы ауданы, Батыр селосы, Шерқала 9 №45/1

Жобалық краты 70 орын.

Мұнайлы ауданы - 2025ж.

Жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі Ережесі
Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - «Білім туралы» Заң) сәйкес әзірленді. Қағидалар «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының мектепке дейінгі ұйымдарын қоспағанда, меншік нысандарымен ведомстволық бағыныстылығына карамастан, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - мектепке дейінгі ұйымдар) қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының қызметінің мақсаты мемлекеттің мүдделерін толық қанағаттандыруға, ҚР «Білім туралы» заңнамасына сәйкес тәрбиелеу мен білім беру тапсырыстарын жүзеге асыру болады.

3. Мектепке дейінгі ұйымда екі жарым жастан бастап мектеп жасына дейін жеткенше тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту мен дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша қатамасыз етеді

4. Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттері: Балалардың өмірін және денсаулығын қорғау; Тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау; сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету; азаматтылықты, қазақстандық отаншылдықты, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу; - баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс қимыл жасау; - ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының негізгі құрылымдық бірлігі мектеп жасына дейінгі 2,5-6 жас аралығындағы тәрбиеленушілер тобы болып табылады. Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жасақталады.

5. Мектепке дейінгі ұйым топтарының толымдылығы Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2017 жылғы 17 тамыз № 615 қаулысымен бекітілген «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне санитариялық-эпидемиологиялық санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. талаптар»

6. Топтар тәрбиеленушілердің болу уақыты бойынша бөлінеді және мынадай режимде қызмет етеді: 1) толық күн болу; 2) жарты күн болу;

7. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы» Заңды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 -

2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №595 бұйрығы басшылыққа алынады.